# Аудан бойынша 2010 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құнының мөлшері туралы

Атырау облысы Мақат аудандық мәслихатының 2010 жылғы 9 ақпандағы N 197-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаменті Мақат ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 23 ақпанда N 4-7-113 тіркелді

Мақат ауданы бойынша Салық басқармасының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы № 06 -АҚӨБ-03-6/3470 санды ұсынысын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабын басшылыққа алып, **ШЕШЕМІЗ:**

1. Аудан бойынша 2010 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құнының мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 20 ақпандағы "Аудан бойынша 2009 жылға ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құнының мөлшері туралы" № 105-IV шешімінің (Мақат ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 наурызда № 4-7-97 санымен тіркелген және 2009 жылғы 26 наурызда аудандық қоғамдық-саяси "Мақат тынысы" газетінің № 13 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, жерді пайдалану және табиғатты қорғау, заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық Мәслихаттың кезекті XXI сессиясының төрағасы А. Елубаев*

*Аудандық Мәслихаттың хатшысы Т. Жолмағамбетов*

Аудандық Мәслихаттың 2010 жылғы 9 ақпандағы № 197-IV шешіміне қосымша

теңге

| № р/с | Эпизодтық қызмет түрлері | Бағасы |
|---|---|---|
| 1 | | 60 |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Газет және журналдарды қолдау сату | 70 |
| | Тұқым және дақылдарды сату, арнаулы сату орындарына басқа жерлерде | |
| 3 | Саяжай жеке үй бақшаларда өсірілген тірі гүлдерді сату | 100 |
| | Ауыл шаруашылық, бақша жанына саяжай өнімдерін сату Малдың және құстардың жемдерін | 100 |
| 4 | сату | 70 |
| 5 | Сыпырғыштар сату | 50 |
| 6 | Орман жидектері мен саңырауқұлақтар және бал сату Мал бағушы: | |
| 7 | - ірі-қара - 50 басқа дейін | 70 |
| 8 | - 50 бастан жоғары | 70 |
| | - ұсақ жәндік | 100 |
| | - 50 басқа дейін | 70 |
| | - 50 бастан жоғары | 40 |
| | Жеке тракторлар иелерінің жер участіктерін өңдеу бойынша қызмет көрсетуі | 60 |
| 9 | | 500 |

## Базар ішіндегі сауда жасаушы тұлғалар үшін:

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Балық өнімдерін сату | 150 |
| 2 | Ойыншықтар мен сыйлықтар сату | 80 |
| 3 | Бейнетаспалар мен үнтаспалар сату | 100 |
| 4 | Ет өнімдерін сату | 350 |
| 5 | Тамақ өнімдерін сату | 100 |
| 6 | Сүт және сүттен жасалған өнімдерді сату | 100 |
| 7 | Нан және ұннан жасалған өнімдерді сату: | 50 |
| | - бағасы 40 теңгеге дейін | 50 |
| | - бағасы 40 және одан жоғары | 70 |
| 8 | Хрусталь мен люстра өнімдерін сату | 100 |
| 9 | Жеміс–жидектер бақша өнімдерін сату: | |
| | - желтоқсан-мамыр айлары бойынша | 150 |
| | - маусым-қараша айлары бойынша | 100 |
| 10 | Иіс майларымен әтірлерін сату | 100 |
| 11 | Шаруашылық бұйымдарды сату | 100 |
| 12 | Өндірістік заттар сату (киім-кешек т.б) | 100 |
| 13 | Қосалқы бөлшектерді сату | 300 |
| 14 | Құрылыс заттары | 300 |
| 15 | Кеңсе тауарлары | 100 |
| 16 | Мал сату ірі-қара 1 бас | 350 |
| 17 | Ұсақ мал сату 1 бас | 200 |
| 18 | Жүк автокөлігімен сауда қызметін көрсету, тамақ өнімдерін және жеміс-жидектерін 2,0 тоннаға дейін сату | 250 |

## Вокзал басындағы базар:

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Киім кешек | 70 |
| 2 | Тамақ өнімдері (манты, пирожки т.б.) | 50 |
| 3 | Жеміс-жидек: | |
| | - желтоқсан-мамыр айлары бойынша | 120 |
| | - маусым-қараша айлары бойынша | 70 |
| 4 | Сүт өнімдері | 100 |
| 5 | Сусындар | 50 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК